



**«Жас маман -25» химия, биология пәндері мұғалімдері арасында өтетін аудандық байқауының Ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі биология, химия пәні жас мұғалімдерінің байқауын өткізеді. Байқау химия, биология пәні мұғалімдерінің кәсібилігі мен мәртебесін көтермелеуге бағытталған. Аудандық байқау химия, биология пәні мұғалімдерінің шығармашылық әлеуетін, кәсіби деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылады.

Ереже байқаудың мәртебесін, мақсаты мен міндеттерін, оны өткізу тәртібі мен мерзімін, байқауға қатысу шартын және оның қорытындысын шығару, марапаттау рәсімдерін анықтайды.

**2. Байқаудың мақсаты**

- Аудандағы химия, биология пәні жас мамандарының теориялық білімдерін анықтап, қолдау, шығармашылығын ынталандыру.

**3. Байқаудың міндеттері:**

белсенді және дарынды мұғалімдерді анықтау және көтермелеу;  
биология, химия пәні мұғалімдерінің оқу-әдістемелік жұмысына қолдау көрсету;  
биология, химия пәні мұғалімдерінің әлеуметтік беделін қолдау;

**4. Байқауды өткізу тәртібі мен мерзімі**

Аудандық байқауға пәні бойынша жоғары кәсіби білім деңгейлері, 0-3 жыл еңбек өтілі бар химия, биология пәні бойынша жас мамандар қатысады. Байқау барысында: 1. 45 минуттық сабақ көрсетеді. 2. Пәндері бойынша тест тапсырмаларын орындайды. 3. Презентация (өзін-өзі таңыстыру, шығармашылық тақырыбы, нәтижелері, хоббиі)

**5. Қорытынды шығару және байқауға қатысушыларды марапаттау**

Байқау қорытындысы бойынша: I-ші орын – біреу. II-ші орын - екеу, III-ші орын - үшеу беріледі.

**6. Ұйымдастыру комитетіне құжаттарды тапсыру тәртібі**

Қатысушыларды тіркеу үшін, мына кесте бойынша қатысу сұранымы 04.04.2025ж. (соңғы күн) аудандық білім бөлімінің әдіскері Г.С.Нуралиеваға өткізілуі тиіс. Кешіккен сұраныстар қабылданбайды. 45 минуттық сабақты өткізу кестесі қосымша жіберіледі. Тест тапсырмасын орындау мен презентация, қорытындысын шығару 2025 ж. 24 сәуір күні сағат 10.00-де Ш.Уалиханов атындағы орта мектептің базасында өтеді. Сұраныс төмендегі үлгіде беріледі.

Мұғалімнің аты, жөні	мектебі	Еңбек өтілі, санаты	Мекен жайы, ұялы телефоны